

*Нұрпейіс Т.Ә.*

**«ДАЛА КОМИССИЯСЫНЫҢ» ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1867-1868-ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕФОРМАЛАРДЫ ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫНДАҒЫ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ**

*Нурпеис Т.Е.*

**ДЕЙСТВИЯ «СТЕПНОЙ КОМИССИИ» В КАЗАХСТАНЕ В 1867-1868 ГОДАХ ПРИ ПОДГОТОВКЕ РЕФОРМ**

Қазақ халқының өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды зерттемей, біздің республикамыздың мемлекеттік, қоғамдық және саяси құрылысының даму үрдісін терең түсіну мүмкін емес.

Бұрынғы мен қазіргінің объективті байланысы өз тарихы, өз құқықтық негіздері, өзінің рухани және территориясында тұратын халқының ортақтығы бар мемлекеттің жаңадан құрылуы емес, қайта өрлеуіне әкеліп соққан қазіргі оқиғалардың мазмұны мен маңызының барлық аспектілерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Осы уақытқа дейін қазақтардың тәуелсіз мемлекетінің болуы, оның дамуы мен жер аумағының біртұтастығын мойындау туралы мәселелер айтылмай келді немесе бұрмаланып көрсетілді.

Тарихи шындықтың осылайша бұрмалануы негізсіз болмады, өйткені ол Ресей империясының басқа ұлттарға деген экспансионистік саясатының бодандық негізін жасыруға мүмкіндік берді. Қазақстанның біртұтас Ресей мемлекетінің, ал кейінірек КСРО-ның тарихи қалыптасқан, бөлінбейтін бөлігі ретінде көрсетілуі шовинистерге жасырын түрде «интернационалдық» бағыттағы қоғамдық пікірін ұстануға демеу болды.

Өкінішке орай, бұл пікірдің қалыптасуына белгілі қоғам және саяси қайраткерлер, оқымысты ғалымдар мен әдебиетшілер елеулі үлестерін қосты.

Тіпті, дүние жүзіне әйгілі А. Солженицын сияқты жазушы да егеменді Қазақстанның жер аумағы мен шекараларын өзгерту арқылы «Ресейдің жағдайын жасау» туралы ойын ашық білдірген. Сонымен бірге, Қазақстан мемлекетінің қалыптасуы мен даму тарихындағы көптеген беттерін зерттеп білуге өткен және қазіргі ғасырлардағы белгілі ғалымдар мен саясаткерлердің нақты айтқан пікірлері мен жазған еңбектерін зерттеу септігін тигізеді. Бұл орайда Қазақстанның «өз еркімен» Ресейге қосылуы, далалық өлкенің әкімшілік-соттық жүйесінің түбегейлі өзгеруі, қазақтардың бірнеше ұрпағы армандаған отарлық езгіден құтылу туралы мәселелер маңызды орын алады.

XIX ғ. екінші жартысына дейін орыс тарихнамасында зерттеушілер негізінен қазақ даласын мекендеген халықтың материалдық мәдениеті мен этнографиясын зерттеуге баса назар аударғанын айта кету керек. Алайда, Қазақстанның бодандық мәртебесін түбегейлі бекітетін 1867-1868 ж.ж. патша реформаларын дайындау барысында, әсіресе, жеке облыстарды басқару туралы «Уақытша ережені» бекіткеннен кейін зерттеушілердің қызығушылығы мәселенің тарихи және заңдық аспектілеріне ауысты. Белгілі дәрежеде дамып келе жатқан Ресей кәсіпорындарының арзан шикізат көздері мен жұмыс күшін қажет етуі басып алайын деген жерді терең және жан-жақты зерттеуді талап етті. Төңкеріске дейінгі кезеңнің зерттеулері арасында ерекше қызығушылықты А.К. Гейнстің, Д.Т. Романовскийдің, қазақтың атақты ағартушы ғалымы Ш.Уәлихановтың еңбектері тудырады. Қазақ ауылының өмірі мен тұрмысын зерттеу мақсатында Жетісу мен Сырдария жерлеріне саяхат жасаған «Дала комиссиясының» белсенді бір мүшесі Гейнс А.К. болды. Оның «Әдеби еңбектер жинағы» мен «Қырғыз очерктері» 1897-1898 жылдары Санкт-Петербургте жарық көрді. Тарихи маңызы бар бұл жазбалар мен очерктер осы мәселені терең зерттеу үшін нақты қажетті материал бола алады. Сонымен бірге Ш.Ш.Уәлиханов пен Д.Т. Романовскийдің зерттеулері де маңызды дерек болып табылады. Кеңес уақыты кезінде де Далалық өлкені отарлау туралы мәселені зерттеуге қызығушылық басылған жоқ. Тіпті, 1921 ж. Ташкентте Г.Сафаровтың «Колониальная революция» (опыт Туркестана) атты кітабы жарыққа шықты. Бұл кітапта автор алғашқы рет Кеңес тарихнамасында өлкені отарлаудың шынайы суретін көрсетті. 1921 жылдың наурызында коммунистік партияның X съезінде Сафаров Г. «Ұлт мәселесіндегі партияның кезекті міндеттері» туралы баяндамасымен сөз сөйлеген И.В.Сталиннің негізгі оппоненті болды. Түркістан Ресейдің отары болған жоқ деген И.В.Сталиннің тұжырымдамасына қарсы шыққан Г.Сафаров Ресей империясы шеткі аймақтардағы халықтардың ұлттық мәдени өзін-өзі тану принципіне жақтады. 1927 ж., алты жыл

өткеннен кейін Г.Сафаровқа троцкистер оппозициясына жатады деген айып тағылып, ол партия қатарынан шығарылып, атақ-лауазымдарынан айрылып, репрессияға түседі.

Осы мәселені көтерген басқа да көптеген ғалымдар мен саяси қайраткерлер де осындай немесе басқа да қайғылы тағдыр тәлкегіне ұшырады. Олардың ішінде еңбектері мен көзқарастары көп жылдар бойы орасан зор көпшіліктің игілігіне айналған Ғ.Токжанов, Т.Рысқұлов, Е.Бекмаханов, П.Г.Галузо, Б.Сулейменов сияқты басқа да зерттеушілер бар.

1822 жылдары хандық биліктің жойылуынан басталған Қазақстанның жеке облыстарының билік құрылымдарының қайта өзгертілуі түптің түбінде бүкіл өлкені отарлауға әкеліп соқтырды.

Отарлық сипаттағы әкімшілік-соттық реформаны патша үкіметі жоғарыдан енгізуге шешім қабылдады, Қазақстандағы жергілікті халықтың өтініштері мен талаптары ескерілмеді. Осы мақсатта 1865 жылы 2 ақпанда «Дала комиссиясы» құрылды, оны полковник Н.К.Гирс басқарды. Келешекте Н.К.Гирс Ресейдің сыртқы істер министрі болып қызмет атқарған. «Дала комиссиясының» құрамына әскери министрліктен орталық штабтың полковнигі А.К.Гейнс, Орынбор облыстық басқармасынан капитан Проценко, «Сібір қырғыздарының облыстық басқармасының» полковнигі Гутковский Карл Казимирович секілді тағы да басқа әскери шенеуніктер кірді.

«Дала комиссиясының» іс-әрекеттеріне Ресей патшасы II Александр ерекше көңіл бөліп, 1865 жылы 5 шілдеде сыртқы істер және ішкі істер министрліктеріне «арнайы бағдарлама» жасауға бұйрық берді. Бағдарламаның негізгі мақсаты қырғыз (қазақ) даласын басқаруды неден бастау керектігін анықтау еді.

Бағдарламада комиссияның төмендегідей мақсаттары айқын көрінді:

- Дала өлкесінде Ресей империясының азаматтық-әкімшілік басқару жүйесін енгізу мүмкіндігін анықтау. «Қырғыздарға өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беру, ал мемлекеттік органдар салық жинау мен тыныштық сақтау жұмыстарына жауап беру»;

- Міндетті түрде жергілікті халықтан шыққан басқарушы органдар империяның самодержавиялық-монархиялық саясатын толық қолдау керек. Өлкеде басқарудың жаңа да қарапайым түрін енгізу үшін жағдай жасау қажет. Жергілікті халықтың өкілдерін мейлінше биліктен шектеу естен шығарылмасын;

- Жергілікті халықтан әскер алуға қандай мүмкіндік барын анықтау, немесе, қазақтарға қару ұстатпай, «бодандықтан» бас көтертпеу;

- Дала өлкесінде соттық жүйені қалыптастыру;

- Салық жинау ісін дұрыс жолға қою;

- Қазақтардың көшпелі мал шаруашылығына тыйым салу, жерді қалайша дұрыс пайдаланудың іс-жоспарын жасау;

- Отаршыл шенеуніктердің арасында қазақ даласын терең отарлау саясатын жүзеге асыру.

Ресей империясының самодержавиялық отаршылдық саясатының бет пердесін мына әрекеттен айқын көре аламыз: әскери-отаршылдық жүйенің құрылуы, қазақтың жерін тартып алуды заңдастыруы, өлкені шикізат көзіне айналдыруы, жерге рулық-қауымдық меншікті жойып, мемлекеттік меншікті орнатуы, жергілікті халық өкілдерін биліктен шектеуі.

Ресейдің әскери министрлігіне шығыстағы патшалық отарлық жүйені күшейту мақсатында Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторларына «Дала комиссиясына» жан-жақты көмек көрсетуге бұйрық берілді. «Дала комиссиясы» тілмаштармен, жол көрсетушілермен, қарулы күзетпен, ат арбалармен қамтамасыз етілді. (1)

1865 жылы 19-25 шілде аралығында Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамельдің бастауымен Омбы қаласында қазақ даласын басқарудың жаңа жобалары қарастырылды. Бұл отырыста Түркістан генерал-губернаторлығын құру мәселесі талқыланды. Жаңа генерал-губернаторлықтың орталығы болуға Түркістан, Шымкент немесе Ташкент қалалары ұсынылды.

«Қырғыздарда (қазақтарда) сот жүйесі сақталынсын, бірақ ауыр қылмысы үшін жергілікті халық өкілдері империялық сот жүйесінің баптарымен жазалансын. Барлық әкімшілік жүйе қырғыздардан (қазақтардан) жиылған салықтан қаржыландырылсын. Шекаралық және әкімшілік жүйені қаржыландыру үшін уездерде қосымша түгін салығы енгізілсін». (2)

Өлкені зерттеу жұмыстары 25 шілдеде басталды. Экспедицияның соңғы нүктесі Верный қаласы болып бекітілді. Комиссия мүшелері Жетісу өңіріндегі ауылдарды аралап, экономика, мәдениет, әдет-ғұрыптар, жөн-жоралғылар туралы мәлімет жинады.

Осы жерде айта-кететін бір жәй, «Дала комиссиясының» мүшелері қарапайым халықпен кездесуден аулақ болды. Шорманов әулеті секілді ірі бай-шонжарлардың ауылдарында

болып, солардың әңгімелерінен өздеріне қажетті материалдарды жинақтады.

Әрине, қазақтың дәулетті ру басшылары өз мүдделерін көздей отырып, ата-бабаларынан мұраға қалған биліктен айырылғысы келмеді.

Орынбор өлкесі мен Түркістан обылысын аралап болған комиссия мүшелері Ресей өкіметіне «жинақтаған жазбаларын» ұсынды. Бұл «жазбалар» отарлау реформасының негізін қалады.

Жазбаларды талқылау барысында комиссия мүшелерінің ұстанымдары екіге бөлінді. Комиссия төрағасы Гирс, капитан Проценко және генерал-губернатор Дюгамель Қазақстанда патшалық билікті әскери жаулау арқылы күшейтуді ұсынды. Гейнс пен Гутковский Гирстің ұсынысымен келіспеді, олар саяси-әлеуметтік реформаларды алға тартты. Бұл жерде Гейнс қазақ жерін демократиялық жолмен реформалау керек деген ойда болды деуден аулақ болу керек.

«Дала комиссиясының» құрамында Гейнс екі жыл бойы Орта Азия мен Қазақстанды шарлады. Бұл өңірлердің мәдениеті мен салт-дәстүрін зерттеп, айтарлықтай шығыстанушы маман болды. «Жетісу мен Сырдария облыстарын басқару ережесіне» белсенді ат салысты. Гейнстің зерттеулері «Жетісу және Сырдария облыстарының әскери басқармасының ережесі», «Ташкентті Қоқан хандығын басқару» атты құжаттарды жасауда көп көмек берді. (3)

Балтық жағалауының түлегі А.К.Гейнстің саяхат жазбалары XIX ғасырдағы Қазақстан тарихы үшін аса қымбатты деректер. 1867 жылы Түркістан генерал-губернаторы Кауфман Гейнсті канцелярия басшысы қызметіне шақырады. Осы қызметте жүріп А.К.Гейнс Петербургте Түркістанның тарихи-этнографиялық көрмесін ұйымдастырады. Петербургтегі көрмені ұйымдастыруға атақты В.В.Верещагин де бір кісідей ат салысады.

Патша үкіметі 1877 жылы А.К. Гейнсті Торғай облысының әскери губернаторы етіп тағайындайды. 1882 жылы отставкаға кетпес бұрын Гейнс Одесса қаласын және Қазан губерниясын басқарған. Ол 1892 жылы қайтыс болды.

Енді Гейнс секілді шыншыл зерттеуші-ғалымның еңбектері мен қол жазбаларына көңіл бөлейік. Оның еңбектері қазақ жерімен тығыз байланысты, әдеби сарыны жазылған. «Қырғыз очерктері», «1866 жылғы күнделігі. Түркістанға саяхат» жинақтары - өз көзімен көрген, сол саяхатқа қатысқан адамның қол жазбалары. Бұл еңбектерді XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихының түп деректік негізі

ретінде қарастыруға әбден болады. 1866 жылы «Дала комиссиясының» мүшесі Гейнс Батыс Сібір генерал-губернаторлығының орталығы Омбы қаласына келіп, генерал-губернаторы Дюгамельдің қабылдауында болады. Дюгамельмен кездесуден кейін Гейнстің көңіл-күйін мына естеліктен байқаймыз: «Мен Дюгамельмен әңгіме барысында оның ғалым атағына шүбә келтіре бастадым. Ол қазақ өлкесін менен артық білмейтін болып шықты. Жергілікті халық туралы мәліметтері біржақты әрі таяз еді. Орта Азияға жасаған саяхатқа селқос қарап, барлық жерден жау көріп тұрды».

(4)

Гейнс жергілікті халықты зерттеудің өз жобасын ұсынды. Ол жер-жерлерді аралау мен сауық құрудан бас тартып, қазақ ауылына қоныстанды. Ғалым ауылдың ішкі өмірін, әлеуметтік жағдайын жан-жақты көргісі келді.

«Көптеген пікірталасан кейін менің ұсынысым қабылданды» деп жазды Гейнс. (5) Гейнске ішкі әлеуметтік жағдайды, әскери және сауда мәселелерін зерттеу, анықтау жүктелді. Саяхат барысында А.К.Гейнс Қарағанды кен орындарында, Семейдегі Спасск зауытында, Көкпектіде, Аягөзде, Лепсіде болып, бірде бір ауылды мүлт жібермеді.

«Қырғыз (қазақ) өмірімен жол бойында қоныстанған ауылдар мен қалаларда емес, шалғайда жатқан қыстақтарда танысу керек» деген ой ғалымға маза бермеді. (6)

1866 жылы ол оңтүстік-батыс және батыс Қазақстанға сапар шекті. Саяхат барысында күнделік толтыруды бір сәтке де ұмытпады.

Бұл жолсапар күнделіктерінен әр түрлі деректерді көруге болады. Алғашында Төменгі Новгородтан Самараға дейінгі жол сипатталады, содан кейін Орынборға дейінгі салт атты саяхат жазылады. Илецкдегі тұз кеніші суреттеледі. Орал казактары мен жергілікті қазақтар арасындағы әңгіме өріс алады. «Қазақтармен болатын пікір-талас міндетті түрде бір мәмілеге келеді», деп еске алады ғалым. (7) Саяхат барысындағы жазбаларда губернаторлар мен ауылдардағы қонақасы туралы мәліметтер бар. Гейнс кедей қазақ ауылдарындағы өмірді былай деп сипаттайды: «Жартылай жалаңаш балалар біз берген қатқан нанды, сиырдың желініне жабысқан аш бұзаудай қаужайды. Барлық жерде кедейлік пен аштық». (8)

Ғалымды шөлді жерлердегі ауыл малдарының ауыр жағдайы қатты таң қалдырды. Соған қарамастан қазақ шаруалары өздерін бақытты санады, өйткені олардың қонысы бос құдықтардың басында болды. Мұндай жазбалар бірнеше рет кездеседі. «Дала казактарының өмірі Париж бен Лондон кедей-

лерінікінен оңай емес. Қаладағы жокшылық пен аштық далада да бар».(9) Гейнс пен Гутковскийдің көзқарастарына Ш.Ш.Уәлихановтың демократиялық ойлары қатты әсер етті. Ресейде демократиялық алдыңғы қатарлы ойшылдардың кең етек алуы қазақ сахарасына да келмей қоймады. Соның дәлелі – қазақтың біртуар ғалым-ойшылы Шоқан Уәлиханов. 1864 жылы Ш.Уәлиханов Батыс Сібір ведомствосына соттық және әкімшілік реформасының жобасын ұсынды. «Ресей құрамында басқа ұлт пен дін өкілдері өмір сүруде. Олардың өмір сүру үрдісі жергілікті орыс өкілдеріне қарама-қайшы. Өздерінің әдет-ғұрыптары мен діни көзқарастары өзгеше. Сол себептен христиан дініндегі орыс ұлтына арналған қайта құру шаралары қазақ жұртшылығына сай келмейді. Көшпелі қазақ халқына қайта кесірін тигізеді» деп жазды Ш.Уәлиханов.(10) Ш.Уәлиханов Бутаков комиссиясының іс-шараларын ашық сынға алды. Шоқанның айтуынша, бұл комиссия тек ауқатты бай-шонжарлардың ой-пікірін құптады. «Қоғамдағы ауқаттылардың ой-пікірін халыққа қарама-қайшы іс-әрекет деп білу қажет. Олар қарапайым халықтың мұн-мұқтажын естіген емес», - деп пайымдады Уәлиханов.(11) Ш.Уәлихановтың ойынша, комиссияның соттық және әкімшілік реформалары дала жұртшылығына кері әсерін тигізуі әбден мүмкін еді.

«Осы уақытта жүргізілген реформалар жалпы халықтық сипатта болуы керек. Реформаның сәтті немесе сәтсіз болуы – қазақ халқының болашақта болуының немесе болмауының алғышарттары» деп жазған Шоқан туған халқының болашағына қатты алаңдады.(12) Ғалым Ресейдің алдыңғы қатарлы экономикасы мен мәдениетін қазақ даласына әкелуді ұсынды.

Қазақ жерінде жүргізілетін іс-шараларда асығыстық пен біржақтылыққа салынуға болмайтындығын Ш. Уәлиханов басып айтты. Облыс бастығының көмекшісіне билер сотына байланысты жоба дайындауға көмектесуден бас тартты. «Сібір қырғыздарының сот реформасының жазбалары» деген атпен губернаторға жаңа жоба туралы ұсынысын берді.

Бұл жерде Уәлиханов сот реформасына қарсылығын, реформа жасауда жергілікті халық өкілдерінің қатысуын ұсынады. Сол кездің ойшылдары секілді Шоқан Уәлиханов та қоғамдық құрылысты төменнен төңкеріс арқылы өзгертуге болатындығын болжай алмады. Бұл мәселе Шоқанның терең ойшыл екедігіне ешкімнің дау тудырмайтындығы сөзсіз. Орыс демократтары Шоқанды қазақ

ұлтының алдыңғы қатарлы ойшылы деп таныды. Комиссия мүшелері Батыс-Сібір генерал-губернаторлығының іс-қағаздарын сараптай отырып, Ш.Уәлиханов жасаған жобаға да кездеседі. Сол туралы А.К.Гейнс былай деп жазды: «Өкінішке орай Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы Ш.Ш.Уәлихановты дұрыс түсіне алмады. Қолдаудың орнына зорлық көрсетіп, зілді сөздердің астына алды. Сол жылы ұлы ойшыл келмеске кетті».(13) Жоғарыда айтқанымыздай, Ш.Уәлиханов идеялары Гейнс пен Гутковскийға қатты әсер етті. Гирс пен Проценко қазақтарды өзін-өзі басқарудан алшақтату керек деп шешсе, Гейнстің қолдауына сүйенген Гутковский қазақтарға сайлаудың көмегімен ішін-ара өзін-өзі басқару құқығын қалдыруды ұсынды. Гейнс пен Гутковский «Военный сборниктің» редакторы Менковқа қазақ қоғамының саяси құрылымы жайында өздерінің хатын жолдады. Гейнс өз күнделігінде былай деп жазды: «Біз зерттеген фактілер біздің көзқарасымыздың дұрыс екендігін дәлелдеді. Біздің әкімшілік жалқау әрі бейқам. Біз одан құтылудың жолын таппадық. Өкімет те жергілікті басқарушы әкімшіліктен зиян шегуде. Бұл өкіметтің беделін түсіріп, жергілікті халықтың өмірін қиындатады. Мен біз ұсынған жобаның өкімет үшін де, қырғыздар үшін де тиімді екеніне көзім жетеді».(14) Гейнс пен Гутковскийдің көзқарастары Ресейдегі басқару әкімшілігінің наразылығын туғызды. Олардың ұсыныстарына Орынбор және Батыс-Сібір генерал-губернаторлары да қарсы болды. Комиссия мүшелері көптеген пікір-таластардан кейін ішкі істер және әскери министрліктеріне арнайы баяндама жасады. Қорытынды мәтінді дайындау үшін әскери министр Милютиннің төрағалығымен «Арнайы комитет» құрылды. Комитеттің басты мақсаты – «Дала комиссиясының» мүшелерінің ортақ мәмілеге келтіріп, дала өлкесін басқарудың ережесін жасау болды. «Дала комиссиясы» Қазақстанның шаруашылық аудандарын зерттеп, әдет-ғұрыптарымен танысты, бұрыннан келе жатқан басқару жүйесін сараптап, өз жұмысын аяқтады. Комитеттің отырысында Түркістанды басқарудың үш жобасы талқыланды. Олар - Холодковский, Романовский және «Дала комиссиясы» дайындаған «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару жобасы». Алғашқы екеуінің жобасы еш кедергісіз бекітілді. «Дала комиссиясы» ұсынған жоба үлкен пікір-талас туғызды. Нәтижесінде, «Дала комиссиясының» ұсынысымен Түркістан генерал-губернаторлығы дүниеге келді. Түркістан генерал-губернаторлығы орталығы

Верный қаласы болған Жетісу және орталығы Ташкент қаласы болған Сырдария облыстарынан құралды. (15) «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару ережелері» мен «Арнайы комитет», «Дала комиссиясының» жазбалары министрлер кабинетіне жөнелтіледі. 1867 жылы 11 шілдеде патша II Александр «Жетісу және Сырдария облыстарын басқарудың уақытша ережесі» атты құжатқа қол қояды. (16)

1868 жылы 21 қазанда патша үкіметі «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлығын басқарудың уақытша ережесін» халыққа жария етті. Осымен, 1867-1868 жылғы реформалар жоғарыдан, яғни, қазақ халқының қатысуынсыз дайындалды. Реформаның отарлық бейнесі анық көрінді. Қазақ жері шикізат көзі деп танылды, аграрлық секторға айналды. 1867-1868 жылдардағы реформалар орыс пен қазақ қоғамын бір-біріне қайшы қойды, Қазақстанның дамуына кедергі келтірді. Осы туралы Ш.Уәлиханов былай деп жазды: «Қажет мәлімет-деректерді болыстар, ақсақалдар, сұлтандар, билер мен ауқатты қазақтар берді. Кедейлер мен малшылар, жалпы қарапайым халықтың мұңына ешкім құлақ салмады. Осы фактілерге көз жеткізу үшін қойылған мөрлер мен таңбаларға қараңыз. Олар сұлтандар мен старшиндердікі». (17)

Сөйтіп, патшалықтың отаршыл өкіметі жергілікті халықтың еш қатысуынсыз ел басқарудың ережесін қабылдап, қазақ жерін әскери күшпен түбегейлі отарлауға белсенді түрде кірісіп кетті.

#### Пайдаланған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. ҚР ОММ. 5 қор, 1-тізбе, 1155-іс, 6-8 беттер.
2. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., 1897, 1 том. 210-212 беттер.
3. Алексеев Н.В. Хранители памяти. Алматы, 1998, 82 бет.
4. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.1., 1897, С.208.
5. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.1., 1897, С. 208.
6. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.2., 1898, С.15.
7. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.2., 1898, С.43.
8. Гейнс А.К. Киргизские очерки //Военный сборник. 1866, № 7., СС.111-112.
9. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.2., 1898, С.44.
10. Валиханов Ч.Ч. Записки о судебной реформе. Собр.соч., Т.4. – Алматы, 1985, С.77.
11. Валиханов Ч.Ч. Записки о судебной реформе. Собр.соч., Т.4. – Алматы, 1985, С.77.12. Бұл да сонда. 78 бет.
12. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.1., 1897, СС.340-341.
13. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.1., 1897, С. 237.
14. Гейнс А.К. Собрание литературных трудов. СПб., Т.1., 1897, СС. 540-541.
15. Сулейменов Б. Аграрный вопрос в Казахстане последний трети XIX – начала XX вв. Алма-Ата, 1963, С.39.
16. Валиханов Ч.Ч. Записки о судебной реформе. Собр.соч., Т.4. – Алматы, 1985, С.82.

Рецензент: д.и.н., профессор Кучуков М.